

Қазіргі жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелері

Шығармашылық психологиясын түсінуге қатысты ұсынылып отырған көзқарас көптеген концептуалдық пікірлерге сүйенеді.

Біріншіден, адамның өмірлік іс-әрекеті мен мінез-құлқының негізгі қозғаушы күші болып барлық мүмкін болатын рәуіштері бар өзіндік тұлғасының маңыздылығын көрсетуге ұмтылысы саналады.

Екіншіден, адам – қойылған мақсаттары мен қабылданған құндылықтарына сай өзін жетілдіре алатын өзін-өзі реттеуші және өзін-өзі дамытушы динамикалық жүйе. Аталған ұстанымдарды жүзеге асыру және ашып көрсету шығармашылық концепциясынан көрініс табады[1].

Өзіндік елеулігін көрсетуге ұмтылыс –адамның шығармашылық белсенділігінің көзін, оның күші мен ерекшеліктерін білдіретін негізгі фактор. Бұл бастауды мәдениеттендірудегі соңғы орынды әлеуметтік-мәдени жағдайлар (жанұя, қоршаған жақын орта, мектеп, белгілі бір әлеумет, кәсіби абыройы және т.б.) алады. Елеулікке құштарлық автордың ғылыми ұстанымы мен оның адам елеулігіне қатысты пікірлеріне байланысты сипатталатын бірқатар құбылыстар түрінде білнеді. Бұл ұмтылыс «тіршілік үшін күрес» (Ч.Дарвин), «өмірге деген ерік» (А.Шопенгауэр), «билікке деген ері» (Ф.Ницше), «басымдылыққа деген ұмтылыс» (А.Адлер), «дәмегөйлік» (К.Левин), «өзіне сенімділік» (Дж.Вольпе), «өзіндік белсенуі» (А.Маслоу), «өзін жүзеге асыру» (К.Роджерс), «өзіндік орын табу» (Е.П.Никитин, Н.Е.Харламенкова) және т.б. сияқты ұғымдардан көрінеді.

Ғалымдар «өзіндік елеулікке ұмтылыс», «өзіндік тұлғасының елеулігін мәдениеттендіру» терминдерін пайдаланады. Алайда өзіндік тұлғаның елеулігіне деген ұмтылысы сыртқы және ішкі жағдайларға: әлеуметтік ахуалға, өмірлік жағдайларға, қабілеттіліктер мен икемділіктерге байланысты әр түрлі жүзеге асырылуы мүмкін.

Елеулікке ұмтылыстың тік шкаласынан басқа адамның қалыптасуы мен дамуының жеке-психологиялық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерінен тұратын көлденең шкаласы болатындығын атап өткен жөн. Тіпті патология (мазохизм) мен ауыр қылмыстарға дейінгі. Елеулікке деген ұмтылыс адамды керемет биіктерге көтере қалыптастыру мүмкін, сондай-ақ адами сипаттан айырып айаундыққа дейін түсіріп жіберуі де мүмкін.

Шығармашылықтағы адам біртұтас жинақы болады, қызығушылығы шарықтайды, өзін бір іске толықтай арнайды, сондықтан да шығармашылықтағы өзін-өзі реттеуі жүйелік қасиет ретінде, біртұтас тұлғалық қасиеті болып табылатын біріктіруші-қалыптастырушы гештальт ретінде көрінеді. Шығармашылық тұлға дегеніміз ерекше тұлға, тіпті, өзіндік елеулігін жүзеге асыру арқылы өзін жүзеге асыра алатын адамның ерекше түрі.

С.Л.Рубинштейн «қабілеттіліктер ядросы» деген меңгерілген әрекеттер, реттеу үрдістерінің сапасы ретке келтіріліп отыратын психикалық үрдістер екенін көрсеткен. Жас шамасына байланысты даму барысында өзіндік реттеудің деңгейлері мен амалдары заңды өзгерістерге ұшырайды. Жемісті оқу сабақтары мен бала мүмкіншіліктерінің өрлеуі үшін өзіндік реттеудің мағынасы зор екені анық [2]. Өзіндік реттеу мен ақыл-ой белсенділігі өзара әрекеттесе отырып, қабілеттіліктердің біртұтас алғашқы негіздерінің әр түрлі жақтарын білдіреді.

Сонымен, жоағрыда аталған авторлар айтқандай, шығармашылық адамның өзіндік тұлғасының елеулігіне ұмтылысы басым көпшілікке қарағанда күштірек болады. Ол көтеріңкі шығармашылық, танымдық және ақыл-ой белсенділігінен білінеді. Бұл жайлы ақыл-ой белсенділігі деп парасаттылық идеясын есептеу керек екендігін Д.Б.Богоявлинская да жазады. Ақыл-ой белсенділігі дегеніміз парасаттық іс-әрекеттің мақсаттық факторлары мен жалпы ақыл-ой қабілеттіліктері негізгі компоненттерін құрайтын белгілі бір гипотезалық жүйенің ұштасу қасиеті.

С.А.Изюмов шығармашылық белсенділік әр түрлі формада, түрде және ерекшелікпен көрінеді деп есептейді. Ақыл-ой белсенділігінің осылайша безендіріліп бекітілген құрылымы адамның когнитивтік үлгісін білдіреді. Когнитивтік үлгілер дегеніміз ақыл-ойды бақылау механизмдерінің қалыптасуын білдіретін ақыл-ой белсенділігін, іс-әрекетін метакогнитивті реттеуге қатысты қабілеттіліктер[3]. Шығармашылық бағыттағы адам жаңалық ашатын, қайталанбас нәрсе жасайтын адамнан бұрын өзіндік мінез-құлқы мен психикалық іс-әрекетін меңгеруге ұмтылатын адам. Басқаша айтқанда, нақтылы бір іс-әрекетке, осы іс-әрекетпен байланысты өзіндік қимылдарына қатысты рефлексия арқылы ғана жүзеге асырылатын өзіндік бақылау мен өзіндік реттеудің механизмдерін жетілдіруді қамтиды. Өзіндік реттеудің бұл механизмін рефлексивті деп те атайды. Бұл механизмнің іс-әрекеті нақтылы бір нәтижеге қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар өзіндік ойлау үрдістерін неғұрлым тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әр түрлі іштей реттеуші схемаларды жасауға бағытталады. Ақыл-ой іс-әрекетінің рефлексивтілігі адамның парасаттылық іс-әрекетін реттеуге мүмкіндік беретін амалдарын, яғни өзіндік гипотезаларын антиципирлік схемаларын, үлгілерін белсенді түрде қалыптастыруынан байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Богоявленская Д. Б. Психология творческих способностей: Учеб. пособие для студентов высших учебных заведений. — М., 2002.
2. Громкова М. Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности : Учеб. пособие для вузов. — М.: Юнити: Юнити-Дана, 2003.
3. Зинченко В. П. Психологические основы педагогики (Психолого-педагогические основы построения системы развивающего обучения Д. Б. Эльконина — В. В. Давыдова): Учеб. пособие для студентов вузов. — М.: Гардарики, 2002.